

Жаңа кітаптың тұсауы кесілді



Родина ауылында орналасқан Арқалық қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесінде бір емес, екі бірдей мәдени шара өтті. Оның бірі - ел Президенті Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ «Тәуелсіздік дәуірі» кітабының және «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы аясындағы жаңа кітап бөлмесінің тұсаукесер рәсімі.

«Тәуелсіздік дәуірі» кітабы еліміздің өткені мен бүгінін саралаған, Қазақстанның болмысынан үлкен ақпарат берер туынды. «Мемлекетіміздің әулиеге келуі, Қазақстанның бірінші жаңғыруы», «Ұлы бетбұрыс, Қазақстанның екінші жаңғыруының басталуы», «Қияға құлаш сермеу. Қазақстанның екінші жаңғыруы» және «Қалыптасқан мемлекет. Қазақстанның үшінші жаңғыруы» деп аталатын төрт бөлімнен тұратын тарихи басылымның тұсаукесер рәсімі «Нұр отан» партиясы, Арқалық қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Н. СЕЙПТӨКАНУЛЫНА берілді. Қазақстанды жаңғыртудың үш толқынынан жан - жақты көрсетілген энциклопедиялық еңбекте еліміздің тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген заманауи қуатты мемлекет құру, халықаралық дәрежеде мойындалған нақты шекара, ұлтаралық және конфессияаралық келісім, Семей



ядролық сынақ алаңының жабылуы, нарықтық экономикаға өту, ұлттық валюта, Астананы салу сияқты 33 жетістік және оған жету жолдары жазылған. Салтанатты шарада «Нұр отан» партиясы, Арқалық қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Нұрлан ХАМЗИН, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жаннат ӘСКЕРҚЫЗЫ, Арқалық қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің меңгерушісі Дәмет ҚҰСАЙЫН, жастар ресурстық орталығының жетекшісі Аманкелді АХМЕТЖАНОВ сөз алып, маңызды туынды жайындағы ойларын ортаға салды. Мектеп оқушы-

лары тәуелсіздік тақырыбында жальынды жырларын оқып, әсем әндер шырқалды.

Бұл күні жиылғандар орталықтандырылған кітапхана жүйесі қызметкерлері тындырған мәдени - рухани іс нәтижесіне куә болды. Яғни, «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы аясында кітапхана жанашырлары, жергілікті қаламгерлер тарту еткен басылымдарды жинақтаған жаңа кітап бөлмесі ашылды. Кітап бөлмесінің керме жібін Арқалық қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жаннат ҚОСЫЛБАЕВА мен кітапхананың көп жылдан бергі тұрақты оқыр-

маны, өлкетанушы Шөптібай БАЙДІЛДИН салтанатты түрде қиды. Айта кетейік, жаңа кітап бөлмесінен Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы, жазушы Тұрсын ЖҰРТБАЙ, еңбек ардагерлері Орекен АЛМАТОВ, Қонысбай АҒУАНҰЛЫ, өлкетанушы Шөптібай БАЙДІЛДИН, ана тілінің жанашыры Әбжан ӘБІЛТАЙ, қаламызда сан жылдар кітапхана саласында еңбек еткен Ирма ШПЕХТ сынды кісілер сыйға тартқан түрлі тақырыптағы туындыларды тауып оқуға болады.

Дархан
ЕРМАҒАНБЕТОВ

Белгілі ақынмен кездесу өтті

Жерлесіміз, елімізге танымал ақын – Серікбай ОСПАНОВ қаламыздағы Ы. Алтынсарин атындағы гимназияда болып, оқушылармен кездесті.

Танымал қаламгермен болған кездесу шарасы кеш қонағының өмір жолын арқау еткен бейнекөрініспен ашылып, оқушылар ол кісі жайлы толық мағлұмат алды. Оқушылар Серікбай ОСПАНОВТЫҢ сөзіне жазылған, баршаға мәлім «Сағындым Алматымды» сынды автордың туындыларын орындап, өлеңдерін оқыды.

Кездесу кешінде қаламгер жастарға өз өмір тәжірибесінен ақыл – кеңестерін айтып, алға қойған мақсатқа жету үшін аянбай еңбектенуге шақырды. – Талантты адам барлық жағынан талантты болады. Соның бірін дамытып, сол жолда еңбек ету керек. Бұған дейін басымыздан аштық та, соғыс та, барлық қиыншылықтар өтті. Сендер ең бақытты ұрпақсыңдар. Кім боламын десендер де мүмкіндік жоғары, барлығы өз қолдарыңда. Сондықтан, бір нәрсеге қолдарың жетпесе, кінәні айналаңнан іздемей, өзіңнен көру керек. Еш нәрсе өздігінен келмейді. Барлығына тек еңбекпен ғана қол жетеді, – дейді белгілі қаламгер.



Серікбай ОСПАНОВ бұрынғы Торғай облысы, қазіргі Жангелдин ауданының «Шилі» кеңшары, «Балдай» қонысында өмірге келген. Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің түлегі. 1968 – 1978 жылдарда Қазақ радиосында республикалық «Жалын» басысында бөлім меңгерушісі болып қызмет істеген. А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, доцент қызметтерін атқарған. Қазір Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі. Бірнеше жыр жинақтарының, аударма өлеңдердің, 200-ден аса ән мәтіндерінің, балаларға арналған тақпақтардың авторы.